*Ф-ОБ-001/065*

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша**
**Академиялық Комитет мәжілісінің**
**№2 Хаттамасы**

**Түркістан қ.** **14.11.2022 ж.**

**Қатысқандар**:
«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет төрағасы: Бельдибекова А.Т.,ф.ғ.к. доцент, АК мүшелері: Сердәлі Б.К., ф.ғ.к., профессор, Садибеков А.К. аға оқытушы, Дәулетов Мәлік «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы, Тәжібаева Назерке 2-курс студенті, Абдумутали Еңлік 1 курс студенті.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру;
2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру;
3. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау:
4. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. **А.Бельдибекова, АК төрағасы:** Құрметті Академиялық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау мәселелерін қарастырайық. Мәжіліске қатысушы Академиялық кеңес мүшелері өз ойларыңызды ортаға сала отырыңыздар.

;

**АК мүшесі, академиялық персонал А.Сәдібеков**: Бірінші мәселеге тоқталсам, Академиялық кеңес жұмысы ұйымдастырылып, 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша пәндерге аудит жүргізілді. Білікті, заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды.Жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді. Кездесу барысында 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасы егжей-тегжейлі таоқыланып, жұмыс берушілер болашақ журналист кадрларда қандай құзыреттіліктер болуы керектігіне тоқталып, бағдарламадағы пәндердің қайсылары практикаға негізделу керектігіне орай өз ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар, қосымша білім беру (minor) пәндері талқыланып, қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын жасауда жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

**Б.Сердәлі, АК мүшесі, академиялық персонал**: Екінші мәселе бойынша - ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ZOOM бағдарламасымен онлайн түрінде ұйымдастырылды Семинарды профессор Б.Сердәлі мен PhD, профессор М.Ергебек ұйымдастырды. Семинар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастарудың негізгі компоненттер білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің обьектілері , түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда,маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құыреттрдің түрін, білім беру бағдарлаамасының нәтижелерін камтыды.

**АК мүшесі, академиялық персонал А.Сәдібеков**: Үшінші және төртінші мәселелер бойынша, баклавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде

берілуге тиіс білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр дәрежесі кадр даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі БП бейімдеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқытуды қамтиды. Пәндерді біріктіріп, ірілендіру мәселесі қарастыруымыз керек. Сонымен қатар, кейбір пәндердің студенттің қабылдау деңгейін ескере кле олардың қай курста оқытылуы бойынша да ББ-да орналасу ретіне де өзгеріс енгізу міселесі туындап отыр. Білім алушылардың оқу жетістіктері студенттің оқу үдерісінде алатын және қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білім , іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі, бакалаавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз

**А.Бельдибекова, АК төрағасы:** - Құрметті Академиялық комитет мүшелері, өзденізбен бірқатар мәселелерді талқыладық. Алдағы уақытта өздеріңізбен бірігіп атқаратын шаруалар, академиялық мәселелер бойынша қарастыратын мәселелер өте көп. Барлықтарыңызға сәттілік тілеймін.

**ШЕШІМ:**

Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті ұйымдастырылды, ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылып ондағы қаралған мәселелер назарға алынды; Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалауда ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелері қайта тұжырымдалсын. Қараша айында атқарылған іс шаралар қабылдансын.

**Мәжіліс төрайымы:** **А.Бельдибекова**

**Хатшы :** **А. Ташимова**